



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

4. https://ru.wikipedia.org/wiki/Ядвига_Силезская (23.03.15)
5. Щапова Ю.Л. Византийское стекло. Очерки истории. — Эдиториал УРСС, Москва, 283 с.

УДК 392

СҮЙЕК ҰҚСАТУ ӨНЕРІНІҢ ТАРИХИ ДАМУЫ

Жарылкапова Айжан

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - т.ғ.к., доцент З.Ө. Ибадуллаева

Сүйек ұқсату өнерінің тамыры өте тереңде жатыр. Оның дамуы тас дәуірінен басталады. Көне дәуірде сүйек және мүйіз бұйымдары кеңінен қолданылды. Темір өндірісінің дамуына байланысты сүйек бұйымдары ығысып, қару-жарақ бөліктері, ауыл шаруашылық құралдары, тұрмыстық бұйымдар жезден, қоладан, темірден жасалды. Осы орайда сүйек және мүйіз бұйымдарының қолданыс аясы тарылғанымен, сүйек өңдеу және ағаш, темір бұйымдарын сүйектеу өнері дамыды.

Сүйек бұйымдар мен сүйектеу өнерінің даму эволюциясы туралы сөз еткенде ең алдымен тас дәуірінен бастаймыз. Мәселен, орта тас дәуірі – мезолит кезеңінің ең басты өнертабысы – садақ. Шынына келгенде ол адам баласына жоғарғы палеолитте ақ мәлім болған. Бірақ оның кең таралуы жеке аң аулауға көшуге байланысты ғана мейлінше қажет болды. Садақ пен жебенің ойлап табылуы өндіргіш күштер дамуында шын мәнінде революция еді. Сайып келгенде бұл ежелгі адамның шаруашылық өміріндегі түбегейлі өзгерістерге жеткізді. Садақ пен жебе барлық жерге дерлік тез таралды. Ол 10 мың жылдан астам уақыт бойы ең тез аталытын және ең жаңа қару болды. Оның найза мен шанышқыдан артықшылығы нысананы алыстан атуында ғана емес, сонымен қатар ату әдістерінің әр түрлі болғандығына да еді. Ең бастысы садақ пен жебенің дайындалуында тастың орын алуымен бірге сүйектің де орны ерекше болды [1,82-83-б].

Неолиттік кезең тұрақтылығының материалдары ойықты мәдениетін ұстанушылардың аң аулаумен және жиын терінмен айналысқанын дәлелдейді. Олар тұрмыста теріні, сүйек пен ағаш өңдеуді кеңінен қолданған, ал теңіз тұздары мен қазып алынатын маллюскалардан әсемдік заттар дайындаған.

Қазақстан аумағынан, негізінен алғанда Солтүстік Қазақстаннан әзірше неолиттік бірнеше қабір табылды. Қабірлердің бірде біреуінің жер бетінде сыртқы белгілері жоқ. Барлық молаларда сүйектермен бірге жебелердің табылуы бабаларымыздың аң аулаумен айналысып қана қоймай, соғыс жанжалдарына жиі түсіп тұрғанын да көрсетеді. Мәселен, Железинка ауылы жанындағы қабір бойынша (Пеньки тұрағынан 100 шақырым) неолит дәуіріндегі жерлеу ғұрпы туралы мейлінше толық пікір айтуға болады. Мола, сірә рулық ұйымдағы ерекше дәрежелі әйелдікі болса керек. Сәндік заттардың, еңбек құралдарының көптігі, оның үстіне жерлеудің күнге табынуға байланысты ерекше ғұрпы осыны көрсетеді. Ондай әдет бойынша өлік кремацияланатын болған. Бұл жолы өлік толық өртелмеген. Денесінің қалған мүрдесі өлген адамның заттарымен бірге молаға көмілген, ол заттардың ішінде бас киімге тағылған, шеті ұсақ кретпешелермен сәнделген, орақ тәрізді сүйек қаптырма, жыртқыш аңдардың тістері, қауашақтан жасалған ірі моншақтар тізілген алқа бар. Мейлінше сәнделген киіммен бірге молаға еңбек құралдары (шот, сүйек біз), аңшылық құралдары (найзалардың, жебелердің тастан және сүйектен жасалған ұштары) және балшықтан жасалған, құты тәріздес, түбі домалақ, кішкене үш ыдыс салыныпты. Сол жерден құланның екі топайы табылды; бұлар қызыл жосамен боялған, бұл түс ежелгі адамдардың ұғымынша өртеу, отқа табыну рәсімін білдірген [1, 94-95-б].

Энеолиттік дәуір мал шаруашылығы басым дамыған далалық өңірде де маңызды роль

атқарды. Қазақстан даласындағы энеолит мүлде басқаша көрінеді. Мұнда табиғи экологиялық орта мүлде басқаша және оны игеру үшін адам ең оңай жолмен жүре отырып, бейімделудің басқа жолын таңдап алды. Бұл жолда тас индустриясы кері кете қойған жоқ, керісінше бұрынғысынан да жоғары деңгейде көтерілді. Адам тасты өңдеудің (тесу, өздігінен қайралатын балталар, мінсіз аэродинамикалық түрдегі найзалардың ірі ұштары, оймалау сияқты) мүмкіндіктерін ақырына дейін жүзеге асырып қана қоймай, сонымен қатар өндірістік шаруашылық, соның ішінде керамикалық және сүйек саймандарының түр түрін де шамадан тыс көбейтті.

Солтүстік Қазақстанның далалық энеолитін сипаттайтын Көкшетау облысындағы Ботай бекеті жанындағы Ботай мәдениетінде өндірістік шаруашылық саймандар алуан түрлі тастардан, сазбалшықтардан, сондай-ақ ең бастысы сүйектен жасалды. Құрал саймандардың өздері де тұрғындардың шаруашылық укладының күрделі болғандығын көрсетеді. Мәселен, жүгеннің сүйек элементтері, кісенге арналған ілгектер жылқының қолға үйретіле бастағандығын дәлелдейді. Тас тоқпақтар, пышақтар, қанжарлар, жебелердің, сүңгілердің найзалардың ұштары аң аулаумен байланысты құралдар. Тас пен сүйек өңдеу едәуір жетілдірілген. Оларсыз сапалы еңбек құралдарын дайындау мүмкін емес еді. Тері өңдеу ісінің өзінде де қырғыштар, қырнауыштар, пышақтар, кескіштер, жонғыштар, жұмсарту үшін сүйек келілер, түрпілер және теріні тегістеуге арналған тегістер, біз бар. Ши тоқудың өзінде де сүйек ілмектер болды. Көптеген сүйек заттар мен тастан жасалған төсептер де болды. Мұның өзі қолөнер өндірісінде тас, керамикамен бірге сүйектің де маңызының ерекше екендігін білдірді.

Сонымен бірге осы дәуірдегі мәдени ескерткіштерден табылған жануарлар сүйектері де таң қалдырарлық. Орасан зор мөлшердегі остеологиялық материалдың басым көпшілігі жылқы сүйектері болды. Мәселен, Ботай қонысында 70 000 жылқының сүйегі табылды. Сондай-ақ зубрдың, турдың, бұланнның, еліктің, аюдың, иттің, түлкінің, қарсақтың, түйенің, құндыздың, суырдың, қоянның, қабанның, құстардың сүйектері де бар [2].

Жерлеу ғұрпы мен бірқатар символдық заттар тотемизмнің, баларға табынудың болғанын көрсетеді. Туыстарын қоныс аумағындағы ескі тұрғын жайларға жерлеп, жерленгендердің айналасына қабырғаларды жағалата жылқының бас сүйектерін қойған. Тұрғын жайлардың бірінде, қабырғалардағы сөреде ер адамның саз балшықпен мумияланған бас сүйегі табылды. Тұрғын жайлардың табалдырығы астында ит көмілуі жиі кездеседі, сірә, ол рәсімдік сипатта болса керек [1,97-6].

Қазақстан аумағында қол дәуірі қоныстарының көп екені мәлім. Оларға жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары, сол дәуір тайпаларының қолөнер кәсіпшілігінен де хабар береді. Олардың арасында сүйек бұйымдар да тыс қалмаған. Металдан, тастан жасалған құралдармен қатар тұрмыста сүйек заттар да қолданылды. Оларды жасау үшін ірі малдардың жіліктері, қабырғалары, жауырындары пайдаланылды. Әуелі сүйек балшық ыдыста қайнатылып, жұмсартылды, бұдан кейін майы жоқ, иілгіш, жұмсартқан сүйек оңай ұқсатылды. Ұқсатылған сүйек кепкен соң өзіне тән қатты, берік қалпына қайта келетін болды.

Сүйектен мынадай әр түрлі бұйымдар жасалды: пышақтар, жебелердің ұштары, біздер, түйреуіштер, ыдыстарға өрнек салатын тарақ тәрізді тегіс қалыптар, терінің майын сылу және өсімдік талшығын таспалап алу үшін қолданылатын жылқының немесе өгіздің жақ сүйегінен жасалған тегістегіштер мен лөкет пышақтар, жылқының немесе сиырдың жіліншік және бақайшық сүйектерінен конькилер; сулықтар, ұршықбастар, тоғалар, сүйек моншақтар мен тізбектер, түймелер; бұлан мен бұлғынның мүйізінен кетпендер жасалтын болды. Жыртқыш аңдар мен үй жануарларының тістерінен және қабыршақтардан алқа тұмаршалар жасалды [1,109-6].

Әр түрлі материалдан (металдан, тастан, сүйектен, қабышақтан) жасалған алуан түрлі заттар қола дәуіріндегі Қазақстан аумағында мекендеген тайпалардың еңбек құралдарын, қарулар, сәндік заттар, тұрмыстық бұйымдар жасауда жоғары шеберлікке жеткенін дәлелдейді. Олар құю, қақтау, қысып өрнектеу, тегістеп жылтырату техникасын жақсы

менгерді және қатты материалдан жасалған заттарға өрнек сала білді.

Қола дәуірінде тоқыма кәсібінің болғанын қарапайым тоқыма станогының ұршықбастарының, сүйектен, тастан, балшықтан жасалған шүйке орағыштардың, сондай-ақ қарапайым тоқыма станогының арқауын тартатын сүйек жуалдыздардың табылуы дәлелдейді.

Атасу қонысының тұрғындары шаруашылық пен тұрмыста қола құралдармен қатар сүйектен жасалған тескіш, біз, теріні өңдеу үшін жылқының жағынан жасалған лөкет пышақ сияқты құралдар да қолданылған. Ірі малдың жілігінен жасалған шүйке орағыштың табылуы жүнді ұқсатып, дөрекі мата токи білгендікті көрсетеді.

Ерте темір дәуірінде сүйек бұйымдар да өз жемісін тапты. Мәселен, Солтүстік Қзаақстан аумағы бойынша ерте темір дәуіріне жататын Жалтыр көлі жанындағы оба кешенінің мерзімі б.з.б. II ғ. – б.з. I ғ. шегіне жатады. Оның мерзімі орамасыз, тік тұтқалы темір қанжар арқылы анықталады. Көлемі үлкен жебелердің темірден жасалған қысқа ұштары да сол кезге жатады. Сүйек бұйымдар жиынтығы – ұршық пен біреуінің беті дөңгелек өрнекпен безендірілген екі қалақша назар аудартады. Сүйек қалақшалар жебелердің ұштарының қасынан тік тұрған күйінде табылды. Мұндай бұйымдар ертедегі темір ғасыры мен орта ғасыр ескерткіштерінде кездеседі [3, С.186]. Этнографиялық материалдарға қарағанда, олар садақ атқан кезде қолды адырнаның соққысынан қорғаған қол қалқан болуы мүмкін [4, С.106].

Сақ дәуірінің ертедегі сүйек оюшылары материал ретінде оларға шаруашылық кәсіп пен аңшылықтың өзі беретін шикізатты пайдаланды. Ең алдымен жылқының, қойдың, маралдың жілік сүйектері, жылқының тақта сүйектері, марал мен таутекенің мүйіздері өңделді. Барлық сүйектер өңделердің алдында ұзақ қайнатылған. Өткір металл құралдардың жиынтығы пайдаланылып, сүйектен және мүйізден жебе ұштары, айшықтар, белдікке салынатын алуан түрлі қаптырмалар, түйреуіштер, тізбелер, жайпақ бедерлі тоғалар мен ілгектер, шаш түйрегіштер жасалды.

Үйсін дәуірінде де сүйектен бұйымдар жасау дамыды. Соның ең маңыздыларының бірі мата току үшін қарапайым тоқыма станогы (қазақтардың «өрмегі» түріндегі бұйым) қолданылған, Ақтас-2 қыстау қонысын қазған кезде иірілген жіпті орап отыратын айқыш ұйқыш орналасқан 4 тесігі бар сүйек қалақша табылды [5, С.45].

Қаңлылар қоныстарының қабаттарынан сүйектен ою оятын қолөнер іздері табылды. Қолөнершінің үйі жанындағы қоқыс төгілетін шұңқырлардан айыр тұяқтылардың өңделген (арамен кескен, тескен) іздері бар мүйіздері қалдықтар түрінде екінің бірінде кездеседі. Сүйектен пышақтың, қанжар мен семсердің саптары істелген. Қанжарлардың қындарына, әр түрлі қобдишалардың, құтылардың сыртына сүйек табақшалары салынған. Белбеулер көбінесе ою өрнектер мен сурет салынған сүйек табақшалармен безендірілетін болған. Самарқанд түбіндегі обалы қорымнан ғажайып екі айылбас табақша табылды. Олар да көп мүсінді ұрыс және аңшылық композициясы әжептәуір шеберлікпен ойып бейнеленген. Кейіпкерлерінің егжей тегжейлі тәптіштеп бейнеленгені сонша, біз қаңлылардың ертедегі әскери аксүйегінің бет бейнесін көзге елестейді [6, С.45]. Сондай-ақ осы кезеңде Үндістаннан піл сүйегінің әкелініп, одан шаш түйреуіш жасалғандығы да айтылады.

ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда қазақ қолөнерінде сүйек пен мүйіз өңдеу ісі өз алдына жеке кәсіп ретінде бөлінбеген. Ертеректен-ақ сүйектен кейбір еңбек құралдары мен қару жарақ бөлшектерін жасаған ата-бабамызуақыт өте келе сүйектен көптеген бұйымдарды жасауды үйренді. Ағаштан жасалатын үй жиһаздары мен ыдыс аяқтарды көркемдеу үшін мал сүйегін кеңінен пайдаланған.

Үй бұйымдарын әсемдеуде жылқы мен түйе сүйектері ғана жаралған. Оның өзінде, ең алдымен, олардың жауырын сүйектері мен қабырғалары қолданылса, кейде әсемдеу үшін жіліктің қақ сүйегі іске асқан. Әдетте, қыстыгүні соғымға сойылатын ірі жылқы мен түйе сүйектерінің жарамдыларын тастамай, жинай беретін. Шеберлердің айтуынша, шикі сүйектерден гөрі асылған еттің сүйегі өңдеуге қолайлы болады. Семіз соғымның сүйектері тым майлы болған жағдайда, оларды артық майдан арылту мақсатымен өңдеу алдында тағы

да бірнеше сағат суға қайнатып алады. Сүйекті іске қосу алдында суға қайнатудың тағы бір себебі, кеуіп тұрған сүйектен гөрі қайнатылған сүйекті өңдеу оңайға түсетін.

Еліміздің кейбір шеберлері мал мен аңның сүйегін әдемілеп өңдеумен қатар құс пен балықтың да сүйегін өңдеп, одан неше түрлі гүл, түйреуіш, шыбын, жарқырауық қоңыз бейнесін жасап, өте ұсақ әдемі өрнекті суреттер салып жүр. Сондай-ақ малдың, аңның ірі сүйектерін бұрандалап, топсалап құрастыру әдісімен өте үлкен көлемді мүліктер де жасалады. Ал сүйектен жасалған қобдишаларды сәнді таяқ, қамшының сабы, айна қойғыш пен тоғызқұмалақ тақталары т.б. заттарды өте жиі кездестіруге болады.

Бүгінде сүйекпен әшекейленген бұйымдарды (ағаштөсек, жастық ағаш, асадал, кебеже, сандық, асадал т.б.) музей экспозицияларынан тамашалаумен бірге, сүйектен жасалған шүмек, ұлттық ойын ретінде орын алған тобық, асық сияқты бұйымдар әрбір қазақ отбасында орын алады.

Жалпы сүйек ұқсату өнерінің даму эволюциясы сонау тас дәуірінен бастау алып, қоғам дамуына сай ол өміршең дәстүрге айналған.

Қолданылған әдебиет:

1. Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін). Төрт томдық. 1 том. Алматы, 1996. – 544 бет.
2. Ахинжанов С.М., Макарова Л.А., Нурымов Т.Н. К истории скотоводства и охоты в Казахстане. Алматы, 1992.
3. Мандельштам А.М. Памятники кочевников кушанского времени в Северной Бактрии // Труды Таджикской АЭ. Т. VII. М., 1975.
4. Глинский Е.А. О технике стрельбы из лука у народов Северо Востока Сибири. //Совестская этнография. 1987. №6. С.100-109.
5. Акишев К.А. Зимовки поселения и жилища древних усуней. //Изв АНКазССР. Сер. Общ.наук. 1969. вып. 1.
6. Пугаченкова Г.А. Древности Минакала. Ташкент, 1989. -124 с.

УДК 39

ИСЛАМСКАЯ КУЛЬТУРА В КАЗАХСТАНЕ. АРХИТЕКТУРНЫЕ СООРУЖЕНИЙ.

Жумабаев Б.Е.

Магистрант Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, Астана,
Казахстан

Научный руководитель – профессор Мустафина Р.М.

С появлением ислама Восток стал одной из колыбелей мировой цивилизации. Ислам возникнув как религия в VII веке, становится верой и идеологией, философией и образом жизни каждого мусульманина. Приходом ислама в среднюю и центральную Азию в IX веке, он принес собой и исламскую культуру. Первые попытки распространения ислама среди тюрков-кочевников предпринимались в VIII веке, но целенаправленное хорошо организованное распространение ислама у тюркских народов, в том числе и у предков казахов, стало проводиться в эпоху Караханидов – первый мусульманской династии в стране тюрков. Принятие ислама родоначальником династии Саттуком Богра-ханом Абл ал-Керимом определялось, прежде всего, политическими причинами. Принимая ислам, страна тем самым приобщалась к огромной политико-экономической и культурной общности – «**Исламскому миру**». Ислам вытесняя разрозненные культы, постепенно проникал во все сферы общественной жизни Казахстана и в конечном счете, стал здесь государственной религией.

Ислам проникал в Казахстан как в ходе завоевательных войн, так и по маршрутам